

**А. Б. Рахметуллаев,**

*педагогика және басқару теориясы кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры (ҚР ІІМ  
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Оқыту процесі — тәрбие процесі секілді педагогиканың аса бір маңызды саласы. Оның ғылыми анықтамасы дидактика немесе оқыту теориясы деп аталады. Дидактика (*didaktikos*) деген ұғым грек тілінен алынып, оқыту немесе үйрету деген мағынаны білдіреді.

Дидактиканың зерттейтін пәні ол — білім беру мен оқытудың теориясы мен практикасы, басқаша айтқанда, білім беру мен оқыту процестерінің заңдылықтары мен ерекшеліктері.

Сонымен бірге, дидактика білім беру мен оқытудың мазмұнын, оқыту принциптерін, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қарастырады.

Дидактиканың міндеті — «нені оқыту» және «қалай оқыту керек» деген сұрақтарға дәлел-ді жауаптар беру. Сондықтан да дидактиканың қарастыратын негізгі мәселелері:

1. Оқыту процесінің мәні мен оның заңдылықтарын ашу.
  2. Оқытудың білімділік мазмұнын анықтау.
  3. Оқытудың негізгі қағидалары, яғни принциптерін белгілеу.
  4. Оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтап, олардың түрлерін жасау.
- Дидактиканың категориялары: білім беру, оқыту, оқыту принциптері, оқыту процесі және оның негізгі құрамдастары: мақсаты, міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, оқытудың нәтижесі.

Оқыту — қоғамдық құбылыс. Себебі, оқытудың мақсат, міндеттері және оның мазмұны мен әдістері туралы мәселелер қоғамның қажеттілігінен туындап, тарихи дамып, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде оқыту алдына қойылған міндеттерді қарастырып отырады. Оқыту процесінің мәні, оның ерекшеліктері мен қызметі.

«Процесс» деген ұғым — бұл ілгері қарай қозғалыс, бірізділік әрекетінің заңдылығын көрсететін түсінік, қысқаша айтқанда, бір іс-әрекеттің барысы.

Оқыту — білімді, біліктілік пен дағдыны меңгеретін, білім алушыларға ғылыми көзқарасты қалыптастыратын, олардың дүниетанымы мен шығармашылық қабілетін және күш-қайратын шыңдап дамытатын процесс.

Оқыту білім алушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет. Олай болса, оқу процесі барысында білім алушы жүйелі түрде ой еңбегімен шұғылдануға дағдыланады, соның барысында оның сана-сезімі, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық талғамы, т. б. толып жатқан тұлғалық сапасы қалыптасып дамиды.

Оқыту — дидактикалық процесс болғандықтан, болашақ маманның оның әзіне тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін білуі өте қажет.

Оқыту — мақсатты процесс. Оның мақсат, міндеттері мен мазмұны және ұйымдастырудағы амал-тәсілдері тек қоғамның талабымен, қажеттілігімен байланысты туындап, өзгеріп, жаңарып отырады.

Оқыту — таным процесі. Себебі, оқыту барысында білім алушыда білмеуден білуге қарай ілгері қозғалыс болады.

Білім алушылардың таным процесі — әзіне тән ерекшелігі бар күрделі психикалық процесс. Білім алушының нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе себеп-тер болады. Білім алушының білім алуды ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш — түр-түрлі қайшылықтар. Өртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады. Оқыту процесіндегі ең негізгі қайшылық, ол — педагогикалық міндет-талаптар мен білім алушының мүмкіндіктерінің (білімі мен дағдысының және дамуының қазіргі деңгейі) арасындағы қайшылық. Бұған тағы да білім алушының теориялық білімі мен практикалық бейімділігінің арасындағы, шығармашылық ойы мен репродуктивтік ойы арасындағы, т. б. қайшылықтар жатады. Осындай қайшылықтарды шешу білім алушының саналы түрде кәп күш-жігер жұмсауын керек етеді және оның дамуына үлкен әсері болады. Білім алушының оқуына күшті әсер ететін себептердің бірі — дәлелдер. Дәлелдер деп бел-гілі әрекетке итермелейтін, бағыттайтын себепті айтады. Білім алушының дәлелдері оның қажеттері мен қызығуларына байланысты болады. Жақсы оқу үшін

білімнің әмірге керек екенін түсінуі және сол білімге қызығуы қажет. Дәлелдер оқуға деген сезімдері мен эмоция-ларын тудырады. Оқытудың міндеті — білім алушыны қоғам және адам дамуының жалпы заңдылықтарымен қаруландыру. Білім алушы ғылыми жаңалық ашпайды, ол бұрын ғылым-дағы белгілі болған, зерттеліп, дәлденген фактілерді, заңдылықтар мен қағидаларды ұғы-нады, әзінің күнделікті практикасында қолданады.

Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің әзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен таны-су, ұлы ғалымдардың әмірі мен қызметінен ақпарат алу. Оқытушының білімі мен мәдениет-тілік дәрежесі білім алушылардың қалыптасуына үлкен тәрбиелік ықпал етеді.

Әйгілі Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың: «Оқытудағы мақсат — жалғыз құрғақ білім үйрту емес, біліммен бірге жақсы тәрбие беру», — дейтіні сондықтан.

Олай болса, оқыту барысында білім алушыларға тек білімдер жүйесін меңгертіп, білікті-лік пен дағдылар қалыптастырылмайды. Сонымен бірге, олардың жеке басын тәрбиелейді. Оқудың әзі білім алушыға еңбек болса, оның тәрбиелік мәні зор. Сондықтан, оқыту тәрбие-нің басты құралы болып табылады. Оқыту арқылы білім алушыларға біліммен қатар белгілі бір бағытта тәрбие де беріледі (мінез-құлқын, ерік-жігерін, сезімін, әсерленуін, талғамын, қызуғышылығын, сүйіспеншілігін, т. б. толып жатқан қасиеттерін шыңдайды). Қазіргі заман талаптарына байланысты тәрбие мәселесі бірінші кезекке қойылып отырғандықтан, тәрбие-леп отырып оқытуға, адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой және тәрбиесін беру міндетін іске асыру қажет.

<sup>1</sup> Әбенбаев С. Педагогика. — Астана, 2009.

<sup>2</sup> Қоянбаев Ж. Б. Педагогика: Оқу құралы. — Алматы, 1992.

<sup>3</sup> Айтмамбетова Б. Р., Бейсенбаева А. А. Педагогика пәні және оның міндеттері. — Алматы, 1992.